

Р.Н. Шайхаденов<sup>1</sup>, Л.В. Брусницын<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан;

<sup>2</sup>М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, Ресей  
(E-mail: renat-270586@mail.ru)

## Жеке детективтер қызметінің нәтижелерін дәлелдеме ретінде пайдалану: шетелдік және қазақстандық тәжірибе

Қазақстанның қазіргі даму сатысында құқықтың мамандандырылған субъектілеріне жеке және заңды тұлғалардың заңды қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған мемлекеттік органдардың кейбір құқықтарын жүзеге асыруға берудің қажеттілігі туындауда. Осыған орай, заңды және жеке тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыру бойынша міндеттер тек құқық қорғау органдарының ғана емес, құқықтық қатынастың басқа да субъектілері қызметтерінің пәні болып табылады. Жеке детективтік қызмет институтын енгізудің өзектілігі Қазақстан Республикасында осы саладағы қатынасты реттеу қажеттілігінің туындауымен тікелей байланысты. Оның себебін айтар болсақ, құқықтық реттеу механизмінің жоқтығынан көптеген жеке және заңды тұлғаларға (мысалы, құқық қорғау органдарының бұрынғы қызметкерлерінен құралған жеке күзет ұйымдары) өз қызметтерін жүзеге асыру барысында, жеке бизнес пен мемлекеттің мүддесіне араласпай және азаматтардың жеке өмірлеріне қол сұқпастан, тәжірибеде жедел-ізвестіру қызметінің кейбір әдістері мен тәсілдерін әрекет етуші заңның шегінен шықпастан қолдануға тура келеді. Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-б. сәйкес әр азамат өз құқықтары мен бостандықтарын заңға қайшы келмейтін тәсілдермен қорғауға құқылы. Осыған орай Қазақстан Республикасында жеке детективтік қызмет институтын енгізудің астарында конституциялық негіз жатыр. Сонымен қатар оның басты міндеті азаматтардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау бойынша мүмкіндіктерін кеңейту болу керек. Мақалада авторлар жеке детективтік қызметтің нәтижесінде алынған мәліметтерді (ақпаратты) қылмыстық сот өндірісінде дәлелдеме ретінде пайдаланудың маңыздылығын және әлемдік тәжірибені зерттей келе, салыстырмалы талдау жасай отырып, осы мәселеге қатысты өз ойларын білдіруге тырысқан.

*Кілт сөздер:* дәлелдеу, жеке детективтік қызмет, дәлелдемелер, қылмыстық сот өндірісі, қылмыстық процесс, жеке детектив, детективтік қызмет, детективтік шаралар, тапсырыс беруші, құзыретті орган, жеке кәсіпкерлік қызмет.

Қоғамның және азаматтардың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету, олардың өмірі мен денсаулығын қорғау, құқықтары мен заңды мүдделерін құқыққа қарсы қолсұғудан қорғау мәселелеріне жаңа көзқарасты іздестіру Қазақстан Республикасында жеке детективтік қызмет институтын енгізудің қажеттілігі Елбасының «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының жаңа басты бағыты» атты 2012 жылдың 27 қаңтарындағы Қазақстан халқына Жолдауында аталып көрсетілді [1].

Дамыған және дамушы экономикасы бар мемлекеттердің тәжірибесін қолдану отандық заңнамада туындаған мәселелерді шешудің бірден бір жолы болып табылады. Француз ғалым-заңгері Марк Ансель шетелдік құқықты зерттеудің құндылығын айта отырып, оның құқықтанушыларға жаңа горизонттар ашатынын және өз елінің құқығын жақсырақ тануға мүмкіндік туғызатынын көрсетеді, өйткені бұл құқықтың өзіндік ерекшеліктері басқа жүйелермен салыстырмалы түрде айқын көрініс табады; заңгерлерді тек өз құқықтарын жақсы білген кезде де біле алмайтын идеялармен және аргументтермен қаруландырады [2; 38].

Тарихқа жүгінер болсақ, детективтік қызмет өз тамырларымен тереңге кетеді: оның түптамасы әр түрлі халықтардың ежелгі іздестіру ережелері мен дәстүрлерінде, римдік преторлардың эдиктілерінде және орта ғасырлық инквизиция қызметінде де өз көрінісін тапқан. Зерттеушілердің пайымдауынша, іздестіру ісінің бастамасы IV ғ. канондық құқықта алғаш рет пайда болған [3; 47].

Жеке детективтік (ізвестіру) қызметті құқықтық реттеудің шетелдік тәжірибесіне жүргізген талдау көрсеткендей, көптеген елдерде әр түрлі нұсқауда заң тұрғысы деңгейінде жеке детективтердің қызметі реттелген.

Әлемнің көшбасшы елдері құқықтық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуде тек мемлекеттік органдарға ғана емес, сонымен қатар құқықбұзушылықпен күресте әр түрлі аспектілерді зерттеуге, тергеу-ізвестіру қызметіне тартылатын жеке іздестіру бюролары мен күзет агенттіктеріне үміт артуда. Жеке сектор белсенді түрде құқық қорғау саласымен араласуда. Көп жағдайда бұл полиция

және арнайы жасақ қызметкерлерінің кейбір ерекше міндеттерді тиісті кәсіби деңгейде атқарудағы жеткіліксіз дайындықтарымен түсіндіріледі.

Мемлекет тарапынан мойындалған құқық қорғау құрылымы ретінде алғашқы жеке детективтік агенттіктер АҚШ-та 1850 ж. бұл елде полиция органдары пайда болғаннан кейін алты жыл өткен соң бас көтерді [4; 53].

Жеке құқық қорғау қызметтері АҚШ-та ең көп шоғырланған болса керек. Құқық қорғаудың жеке секторының ролі бұл елде соңғы 20 жылда күрт арта түсті, оның себебі жалпы қылмыстық және экономикалық қылмыстардың көбеюі, олардың жаңа түрлерінің пайда болуы, терроризмнің күшеюі, сонымен қатар ұйымдасқан қылмыстардың санының артуы. Американдық криминологтардың айтуынша, бизнеске қарсы бағытталған барлық қылмыстарды тек мемлекет мойнына артар болсақ, қылмыстық юстиция бір күннің ішінде бытырап кетер еді [5; 21]. «Полицияның бір өзі қылмыстың алдын алумен күресе алмайды. Ол қоғамның басқа қабаттарымен бірге жұмыс жасауы керек, — деп айтылған АҚШ-тың Президенттік комиссиясының есебінде, — қылмыстың деңгейінің азаюына әсер ете алатын тағы бір күш болып жеке қауіпсіздік қызметі табылады» [6; 8].

АҚШ-та жеке іздестіру фирмаларын тіркеу штаттардың құзырына берілген. 35 штатта жеке іздестіру бюроларына тікелей қатысты заңдар әрекет етеді. Олардың қызметінің басты шарты – заңда арнайы анықталған штаттың атқару органдарының немесе олардың арнайы өкілдерінің беретін лицензияның алынуы және тіркеу. Бұнымен бірге АҚШ азаматтылығының болуы – 16 штаттағы міндетті шарт. АҚШ-тың 22 штатында жеке детектив ретінде тіркелу үшін міндетті түрде ұсыныс хаты, мінездеме қажет. Лицензия әдетте 1-ден 2 жылға дейінгі аралықта беріледі. Маккиннің Заңы бойынша (Нью-Йорк Штаты), жеке іздестіру қызметімен жеке тұлғалар да, сонымен қатар бюро мен фирмаларға біріккен адамдар тобы да айналыса алады. Алдымен бұл тұлғалар тергеу, күзет, патрульдік, іздестіру қызметін жүргізуге губернатор штатының аппаратынан рұқсат алулары тиіс. Жоғарыда аталған заңның 72 параграфына сәйкес жеке іздестірумен айналысқысы келетін тұлға штат губернаторының аппаратына келесідей мәліметтер беруі керек: толық бекітілген мәліметтер, соңғы үш жылдағы тұрғылықты жері, алдыңғы және қазіргі жұмыс орны. Анкетаға қосымша екі сурет және екі саусақ іздері берілуі керек. Жаңадан құрылып жатқан іздестіру бюросының жоқ дегенде бір мүшесінде полиция, тергеу және осыған ұқсас органдарда үш жылдық жұмыс өтілі болуы тиіс. Анкетада міндетті түрде үміткердің бұрынғы өмірі және қызметі, денсаулық жағдайы, білімі туралы құжаттары көрсетіліп, бұрынғы жұмыс орындарынан мінездеме мен ұсыныстар сұратылады. Ал заңмен рұқсат етілген штаттарда, үміткерлерді өтірік айтуды анықтау детекторы арқылы тексеру жұмысы жүргізіледі. Барлық фирмаларда үміткерлердің күрделі жағдайларда жұмыс істей алу қабілетін тексеру мақсатында психологиялық тестілеу өткізіледі.

Заңға сәйкес, детективтер ресми құқық қорғау органдарымен қолданылатын жеке тінту, үйді тінту, ұстау сияқты шараларды қолданыла алмайды. Алайда оларға қылмысқа қатыстылығында күдік бар тұлғаларды ұстап, полицияға табыс етулеріне рұқсат етілген.

Детективтік ұйымдардың қызметтері келесідей параметрлер бойынша бағаланады: нақты ұйымның, фирманың қызметкерлерімен ашылған ұрлықтың саны; ондай қылмыстарға қызметкерлердің қатысының талдау; ашылған қылмыстардың саны, қылмыстық қол сұғушылықтың алдын алудың саны.

Дегенмен, кәсіпкерлердің басым бөлігі жеке агенттіктердің қызметіне келесідей құқық бұзушылықтарды тергеу бойынша жүгінеді: вандализм актілері, тауарлар мен жүктердің ұрлануы, алаяқтық және жемқорлық, жалған кредиттік карталарды және сақтандыру полистерін жасау, фирма қызметкерлерімен жасалатын ұрлықтар, компьютерлік қылмыстар, нашакорлыққа салыну жағдайлары.

Компаниялардың полицияның араласуынан бастартуларының себебі жасалған қылмыстың көлеміне, келтірілген зиянның көлеміне, қажетті дәлелдемелердің болмауына, сотта істі қараудың шығыны көптігіне, істі тергеу мерзімдерінің ұзақтығына, заңнаманың жетілмегендігіне байланысты. Кейбір жағдайларда салдары компанияның беделіне кері әсерін тигізетін болғандықтан, полицияға хабарлауды жөн санамайды.

Канадада жеке іздестіру бюроларының қызметі провинция заңдарының құрамдас бөлігі болып табылатын арнайы актілермен реттеледі. Әр провинция жергілікті жағдайға байланысты жеке бюро қызметі мен құру шарттары көрсетілетін өз актілерін шығарып, қабылдайды. Барлық актілер үшін жалпы және міндетті шарт — провинция территориясында жеке іздестіру қызметін жүргізуге рұқсат алу және тіркелу реті болып табылады. Мысалы, Онтарио (Канада) провинциясында жеке детективтік

агенттіктердің негізгі бағыттарына келесілер жатады: дүкендердегі кішігірім ұрлықтармен күрес; тергеулерді жүргізу; сырттай бақылау; алаяқтықпен күрес; теле- және бейнебақылау; күзет дабылдамаларының электронды жүйесін құру және қызмет көрсету. Канаданың жеке іздестіру бюролары клиенттеріне қызметті құпия түрде жасайды. Ұлыбританияда қазіргі таңда қызметтеріне қарапайым азаматтармен қатар өндірісілік компаниялар да жүгінетін жеке детективтік агенттіктер көп шоғырланған. Олардың ең үлкендерінің қатарына келесілер кіреді: Argen, Kroll Associates Control Risks, Derby Associates-Security Consultants, Private and Commercial Investigations, Nationwide.

Аталған елде жеке детективтердің тіркелуін қажет ететін заңның ережелері немесе үкіметтің қағидалары жоқ. Соңғы жылдары Ұлыбританияда жеке агенттіктердің күшімен шешіліп жатқан қылмыстық тергеудің мәселелерінің қатарына компьютерлік жүйемен байланысты қылмыстарды тергеу жатады. Ұлыбританиядағы жеке детективтік агенттіктердің қызметінің анағұрлым перспективті бағыттарына жеке және қызметтік ғимараттардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету; тыңдау құрылғыларын табу; клиенттерді, оның ішінде шетелдік азаматтарды қорғау жатады. Францияда жеке детективтік бюролардың қызметі 1942 ж. 28 қыркүйегіндегі № 891 Заңымен реттелген. Франция полициясының бұрынғы қызметкерлері тек ішкі істер министрінің жазбаша рұқсатымен ғана жеке детективтік бюроның иесі бола алады.

1980 ж. 23 желтоқсанындағы № 80-1058 Заңына сәйкес жоғарыда аталған № 891 Заңының кез келген ережесін бұзу «1-ден 3 жылға дейінгі аралықта түрмеге қамалумен немесе 6-дан 40 мың франкқа айып салумен жазаланады». Дәл осындай жазаға бюроның басшысы да тартылады, егер ол заңның талаптарына сәйкес келмейтін жеке агенттердің қызметіне жүгінген болса. Германияда жеке детективтік бюро «Қолөнермен (кәсіппен) айналысатын ұйым» ретінде тіркеуден өтуі тиіс, себебі бұл кезде «ақша табу басты мақсат болып табылады» және де осыған ұқсас ұйымдардың барлығына да қатысты заңның ережелері мен қаулыларын орындауға міндетті. Құрушы адамға арнайы білімнің немесе тиісті жұмыс тәжірибесінің қажеті жоқ. Италияда 1989 ж. жаңа қылмыстық іс жүргізу кодексін енгізу жеке детективтік бюролардың жұмысын заңдастыра отырып, сот процесінің толық қатысушысы етіп, оларға айыпталушы жағында оны қорғау мақсатында дәлелдемелер жинауға және кеңестер беруге мүмкіндік туғызды.

Осыған қарамастан, жеке детективтер өз жағдайларының екі мағыналы екеніне наразылық білдіреді, өйткені осы уақытқа дейін Италияда жеке детективтік бюролардың қызметін реттейтін заң жоқ (итальяндық парламент 28 заң жобасын қабылдаудан бастартқан). Сондықтанда Италиядағы көптеген іздестіру бюролары қандай да бір рұқсатсыз немесе санкциясыз әрекет етеді, кейбір есептер бойынша олардың саны 5 мыңға жеткен [7].

Еуропалық одақ (ЕО) елдерінде жеке детективтердің қызметі ЕО мүше-елдерінің барлығында кәсіпкерлік еркіндігіне кепілдік беретін 1967 жылғы Еуропалық қауымдастықтың Директивасымен мойындалған. Жеке детектив (тергеуші) мамандығына Испания, Франция, Австрия және Бельгия сияқты кейбір еуропалық елдерде қатаң түрде реттелген талаптар мен шектеулер қойылған. Бельгияда детективтер билік өкілдерінің, клиенттердің немесе үшінші тұлғалардың талаптары бойынша көрсетуге тиіс кәсіби жеке куәліктерге ие. Испанияда жеке детективтердің қызметі 1992 жылдың 30 шілдесіндегі № 23/1992 Қауіпсіздік туралы Заңымен («Ley de Seguridad privada») және № 2364/94, Жеке қауіпсіздік мәселелерін реттеу «Reglamento de Seguridad Privada» атты корольдік декретпен реттелген. Детективтік қызметпен айналысуға рұқсат ішкі істер министрлігімен беріледі. Дегенмен, бұл қызметпен айналысуға белбуған тұлғаларға қойылатын нақты талаптар бар:

- үміткер кәмелеттік жасқа толған, физикалық және психикалық түрде дені сау, аталған қызметпен айналысу үшін тиісті білімі бар болуы керек;
- үміткер кәсіби жарамдылығына емтихан тапсыруы тиіс;
- жеке детективтің ресми дипломы болуы керек.

Бұндай диплом оқудың арнайы курсынан өткеннен кейін және білім мен біліктіліктің тиісті деңгейіне жеткеннен кейін беріледі.

Данияда детективтік қызмет туралы заң күшін жойған. Кез келген азамат жеке детектив бола алады. Швейцарияда кейбір кантондарда детективтік қызметке қадағалау алынып тасталған. Өз кезегінде Женева кантонында Мемлекеттік кеңес, жеке детективке талап ету бойынша көрсететін суреті бар кәсіби ID-карточка табыс етеді. Ресей Федерациясында жеке детективтердің қызметі 1992 ж. 11 наурызындағы № 2487-1 «Ресей Федерациясындағы жеке детективтік және қауіпсіздік қызмет» туралы РФ-ның Федералдық заңымен реттеледі.

Жеке детективтік қызметтің негізгі міндеті — ішкі істер органдарынан арнайы рұқсат алған ұйымдар мен жеке кәсіпкерлердің өз клиенттерінің заңды құқықтары мен міндеттерін қорғау мақсатында жеке және заңды тұлғалар ақылы келісімді түрде қызмет көрсету.

РФ-да жеке детектив деп жеке кәсіпкер ретінде тіркелген, заңда көрсетілген тәртіппен жеке детективтік (іздістіру) қызметімен айналысуға рұқсат алған Ресей Федерациясының азаматы танылады. Ол келесідей қызмет түрін жүзеге асырады:

1) процеске қатысушылармен жасалған келісім негізінде азаматтық істер бойынша мәліметтер жинақтау;

2) нарықты зерттеу, іскерлік келіссөздер үшін ақпарат жинақтау, несиеге қабілетсіз және сенімсіз іскер әріптестерді табу;

3) кәсіпкерлік қызметте заңсыз фирмалық белгілер мен атаулардың қолданылу жағдайларын, жосықсыз бәсеке, сондай-ақ коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтерді жария ету жағдайларын анықтау;

4) еңбек және басқа да шарттар жасасқан сәтте азаматтардың биографиялық және басқа да жағынан сипаттайтын мәліметтерді (олардың жазбаша рұқсатымен) жинақтау;

5) іс-түссіз жоғалып кеткен азаматтарды іздістіру;

6) азаматтардың немесе ұйымдардың ұрланған мүліктерін іздістіру;

7) процеске қатысушылармен келісілген негізде қылмыстық істер бойынша мәліметтер жинау:

– осындай мәліметтерді жинауға клиентпен шарт жасасқаннан кейін, бір тәулік ішінде, детектив қылмыстық іс өндірісінде жатқан тергеушіні немесе сотты, анықтауды жүргізуші тұлғаны жазбаша түрде ескертуге міндетті;

8) атқару құжатына сәйкес борышкер болып табылатын тұлғаны, оның мүлкін, сонымен қатар атқару құжаты бойынша баланы іздістіру.

Ресей Федерациясының заңына сәйкес іздістіру қызметі жеке детективтің негізгі қызметі болуы тиіс, оның мемлекеттік немесе муниципалды қызметпен, не болмаса қоғамдық бірлестіктерде ақылы сайланбалы қызметпен алмастыруға тыйым салынады. Өз қызметін жүзеге асыру барысында жеке детектив азаматтардың жеке өмірі мен мүлкіне қатысты ақпараттарды қорғау аясында РФ-ның заңдарын сақтауға міндетті, сондай-ақ заңмен тек құқық қорғау органдарына берілген жедел-іздістіру әрекеттерін жүргізуге тыйым салынады. Жеке детективтік қызметті жүзеге асыру үшін жеке тұлғаға ішкі істер органдарымен берілетін лицензияға ие болу керек. Лицензияның әрекет ету мерзімі бес жыл және Ресей Федерациясының барлық аумағында күші бар.

Жеке детективтік қызметпен айналысуға лицензия алмақшы болған Ресей Федерациясының азаматы, тиісті ішкі істер органдарына өтінішін беріп, онда толық аты-жөнін, жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік реестрге тіркелгендігі туралы тіркеу номері көрсетілген құжат, жеке детективтік қызметті шамамен қандай аймақта жүзеге асыратындығы туралы мәлімет және келесідей құжаттар тапсырады: анкета, сурет; денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама; азаматтылығын растайтын құжаттар, заң бойынша білімінің болуы немесе жеке детектив ретінде кәсіби даярлықтан өту, не болмаса тергеу немесе жедел құрылымдарда үш жылдан кем емес жұмыс өтілінің болуы, техникалық құралдарды алғандығы және оларды қолдана білетіндігі туралы мәліметтің болуы. Жеке детективтік қызметті жүзеге асыруға лицензия алған азаматқа жеке детективтің куәлігі қоса беріледі. Беларусь Республикасының заңнамасында жеке детективтердің қызметін реттейтін заң мүлдем жоқ [8]. Осылайша, әр түрлі мемлекеттердің тәжірибесі көрсетіп тұрғандай, жеке детективтердің қызметі көп жағдайда реттелген, жеке детективтік қызметпен айналысатын тұлғаларға нақты талаптар қойылып, заң жүзінде реттелген.

Осы мәселені зерттеген отандық ғалым М.Д. Қаражанов өзінің ғылыми мақаласында қылмыстың алдын алу және болдырмаудағы мемлекеттік емес детективтік қызметтің шет елдік тәжірибесін және детективтік қызметті Қазақстан Республикасында енгізудің мәселелерін зерттей келе, жеке детективтік және күзет қызметінің аралас мүлік нысаны бар ұйымдар мен жеке кәсіпкерлік саласын қылмыстық қолсұғушылықтан қорғаудағы маңызының зор екенін айта отыра, бұл қызмет түрінің криминализациялану қауіпі бар және оны жүзеге асыратын субъектілердің Қазақстан Республикасында да, Ресей Федерациясында да криминалды қатынастар аясына тартылу қауіпі бар екенін атап өткен болатын. Өзінің ойын статистикалық мәліметтермен бекіте келе, автор 1993-1998 жж. Ресей Федерациясында жеке детективтік және күзет ұйымдарының қызметкерлерімен жасалған құқық бұзушылықтардың саны жыл сайын артып отырғанын айтады. Оларға жасалған ескертулердің, қызметтерінің тоқтатылуы, айыптыларды әкімшілік және қылмыстық жазаға тарту

санының көбейгендігіне назар аударады. Осылайша, мысалы, 1997 ж. күзет-іздігі құрылымдарында атыс қаруларының 49 жоғалып, 34 ұрланған, олардың қолданылуының 68 фактісі тіркелген. 18 жағдайда атыс қаруы әрекет етуші заңды бұза отырып қабылданған. Ал егер отандық статистиканы алар болсақ, Қазақстан Республикасында Қылмыстық кодекстің 230-б. (252-б. жаңа Қылмыстық кодекс) «Жекеше күзет қызметтері қызметшілерінің өкілеттіктерін асыра пайдалануы» бойынша 2008 ж. — 13 қылмыс, 2009 ж. — 13 қылмыс, 2010 ж. — 15 қылмыс, 2011 ж. — 20 қылмыс, 2012 ж. 21 қылмыс тіркелген [9; 17, 18].

Біздің ойымызша, аталған қызмет түрінің қылмыстанып кету қауіпін айтып, оны статистикалық мәліметтермен толықтырған М. Қаражановтың ойы жалпыланған және тек қана күзет қызметін қамтиды, бірақ детективтік қызметті емес. Әр түрлі мемлекеттер арасындағы детективтік қызметті жүзеге асыру және оның қылмыспен күресудегі орнын анықтауда салыстырмалы талдау жасай отырып, бұл қызметтің оң сипаттарға ие және өзін тек жақсы жағынан көрсете алады деген пікірдеміз.

Ал осы мақаланың зерттеу пәні болып жеке детективтермен жасалатын маңызды қызметтердің бірі – қылмыстық іс бойынша мәліметтер жинау және оларды дәлелдемелер ретінде табыс ету. Өкінішке орай, біз жеке детективтік қызмет туралы заңды қабылдауда өте кешігіп келеміз, оның өзі біздің азаматтарға кері әсерін тигізуде. Оған адвокаттық қауымдастықтың өкілдері де өз үмітін арта отырып, детективтердің полиция органдарының қызметіндегі кемшіліктердің орнын толтыратынына сенеді. Мысалы, көршілес Ресейде жеке детективтік және күзет қызметі туралы заң 1992 ж. қабылданып, қосымша өзгерістер мен толықтыруларды енгізе отыра, сәтті қолданылып келе жатыр. Қазақстанда болса, жеке детективтік қызмет заңсыз деңгейде әрекет етуде, мемлекет пен заңның талаптарына сәйкес келмейді, сондықтан да қылмыстық қауымдастық үшін қолайлы жағдай туғызуда. Жеке детективтік қызметті енгізудің қажеттілігі туралы құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің өздері де айтқан болатын. Мәселен, бір «дөңгелек үстел» барысында ҚР Ішкі істер министрлігінің криминалды полиция комитетінің қылмыстық процеске қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ұйымдастыру бойынша бөлімінің басшысы бұл институт сотқа дейінгі өндірістің тиімділігін арттыру мен қылмыстарды ашудың жаңа түрлерінің пайда болуына негіз болатын дәлелдеу ақпараттарын алудағы маңыздылығын атап көрсетті. Қылмысты ашуға жеке детективтерді тарту мемлекеттік және мемлекеттік емес құрылымдар арасында бәсекелестік туғызып, оның өзің тергеудің толық жүргізілуіне және қылмыстық іс жүргізудегі сайысушылық қағидасын толық қолдануға мүмкіндік туғызады. Ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстарды ашу құқық қорғау органдарына өз күштерін және құралдарын ауыр және аса ауыр қылмыстарды ашуға шоғырландыруға мүмкіндік береді. Ішкі істер министрлігі жеке детективтік қызметтің Қазақстан Республикасында енгізілуі мүдделі мемлекеттік органдардың болуымен және демеуімен ғана енгізілуін жеткізеді [10].

Жеке детективтік қызметтің қылмыстық сот өндірісіне қатысушылардың мүдделеріне қатысты мәліметтерді жинаудың қылмыстық іс жүргізу қызметімен байланысы танудың бір объектісімен негізделген – жасалған қылмыстың жағдайлары және іске қатысты басқа да жағдайлардың болуы. С.А. Шейфердің айтуы бойынша, қылмыстық іс жүргізуде қолданылатын тәсілдердің детективтермен мәліметтер жинау кезінде тану үшін қолданылатын тәсілдерінің ұқсастығы өзіне назар аудартады [11; 57].

Өздерінің ғылыми мақалаларында бұл мәселені жан-жақты зерттеген А. Соловьев мен В. Семенов жедел іздігі қызметінің материалдары сияқты жеке детектив қызметінің барлық материалдары қылмыстық іс жүргізу процедурасын жүргізу арқылы дәлелдемелерге ауысу мүмкіндігіне ие бола алмайтынын айтады. Сондықтанда жеке детективпен алынған мәліметтерді (ақпаратты) дәлелдемелерге айналдыратын жағдайларды анықтау қажет. Бұл мәселенің шешімін табуда, олардың ойынша, іске қатыстылық пен нақтылықты анықтау мүмкін емес, өйткені қылмыстық іс жүргізудің бұл категориялары қылмыстық іс жүргізу қызметінің шегінде қолданылмауы керек. Жеке детективпен алынған ақпараттың іске қатыстылығы қылмыстық қудалау органдары басшылыққа алатын Қылмыстық-процессуалдық кодекстің нормаларымен емес, клиенттің мүддесімен және жасасқан шартпен анықталатынын естен шығармау керек. Аталған жағдай жеке детектив және тергеушімен жиналатын ақпараттың көлемі мен сипатындағы айырмашылықтарды ескереді. Сондықтан жеке детективпен алынған ақпараттың маңызы тергеушімен немесе ол мәліметтерді оған беріп жатқан қылмыстық сот өндірісінің қатысушысымен тек шамамен ғана анықталады, өйткені олар қылмыстық-процессуалдық заңмен іс бойынша дәлелдемелердің

жеткіліктілігін, тиістілігін, анықтылығын бағалайтын субъектілерге жатпайды. Қылмыстық істегі ақпараттың анықтылығы және іске жататындығы, сонымен бірге жеке детективтің мәліметтері де қылмыстық процестік дәлелдеудің субъектілерімен дәлелдемелердің жиынтығының болуы кезінде тек қылмыстық істерді сотта қарау немесе тергеу кезінде бағалануы мүмкін [12; 83].

Осы авторлар Қылмыстық-процессуалдық кодекске «Жеке детективтік қызметтің нәтижелерін дәлелдеуде қолдану» атты қосымша бапты қосып, оның мазмұнын келесідей етіп жазуды ұсынған: «Жеке детективтік қызметтің нәтижелері қылмыстық іс бойынша дәлелдеуде қылмыстық сот өндірісінің қатысушыларымен олардың пайда болуының қайнар көзін, ұсыну хаттамасында заттар мен құжаттардың алыну жағдайын көрсете отырып, сонымен қатар жеткіліктілігін, тиістілігін, анықтылығын олардың негізінде қажетті тергеу әрекеттерін осы Кодекс талаптарына сай болғаннан кейін қолданылуы мүмкін».

Сонымен қатар қылмыстық істе жеке детективтің қызметінің нәтижесінде алынған ақпараттың екі түрі болуы мүмкін деген олардың пікірлерімен келіспеуге болмайды. Біріншіден, жоғарыда аталған процессуалдық тәртіптерді жүргізу барысында қылмыстық процессуалдық дәлелдемелерге айналған ақпарат. Екіншіден, әр түрлі жағдайларға байланысты дәлелдемелер мәртебесіне ие болмаған, ақиқатында күмән туғызбайтын процессуалды емес ақпарат.

Кез келген дәлелдемелер сияқты, тергеу кезінде қылмыстық-процессуалдық дәлелдемелерге айналған жеке детективтен алынған ақпарат, қылмысты тергеу кезінде пайда болған әр түрлі мәселелерді шешу үшін қолданылуы мүмкін (тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде және негіз ретінде, тергеу әрекеттерін жүргізудің тактикасын және тергеуді ұйымдастыру мәселелерін шешу, процессуалдық шешімдер қабылдау кезінде қолданылады).

Процессуалды емес сипатқа ие жеке детективтен алынатын ақпараттың қолданылу саласы шектеулі сипатқа ие. Шектеусіз ол тергеудің тактикасы және ұйымдастыру мәселелерін шешу кезінде қолданылуы мүмкін. Бұндай мәліметтер заңда қосымша талаптармен мысалы, деректердің жеткіліктілігімен, негізделмеген тергеу әрекеттерін жүргізуге негіз болып табылады деген ойға келеді. Басқа жағдайларда жеке детективтен алынған процессуалды емес ақпарат қосымша сипатқа ие және істе дәлелдемелер бар кезінде маңызға ие болуы мүмкін [12; 85].

Қорытындылай келе, жоғарыда аталған ғалымдардың пікірлеріне қосыла отырып, жеке детективтің қызметі нәтижесінде алынған мәліметтер дәлелдеуде маңызды сипатқа ие болады, сонымен қатар қылмыстық істер бойынша заңды және негізді шешімдер қабылдауға, азаматтар мен ұйымдардың Конституцияда бекітілген заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауда және оларға берілген құқықтардың шеңберін кеңейтуде, маңызды сипат алады деген тұжырым жасай аламыз. Осыған орай, Қазақстан Республикасында жеке детективтік қызметті енгізудің астарында конституциялық негіз жатқанын ерекше айта кеткен жөн.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Заключение научной правовой экспертизы проекта Закона «О частной детективной деятельности» [Электронный ресурс]. — Режим доступа: [http://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31382137&mode=p&page=1](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31382137&mode=p&page=1).
- 2 Ансель М. Методологические проблемы сравнительного права / М. Ансель // Очерки сравнительного права. — М.: Прогресс, 1981. — 86 с.
- 3 Изосимова М. Розыск: исторический обзор / М. Изосимова // Профессионал. — 1999. — № 1. — С. 47–50.
- 4 Белорусов В. Частный детектив в уголовном процессе: некоторые аспекты проблемы / В. Белорусов, Е. Шишов // Уголовное право. — 2001. — № 2. — С. 52–55.
- 5 Евланова О.А. Участие частных детективных и охранных предприятий в борьбе с преступностью: криминологический аспект: дис. ... канд. юрид. наук / О.А. Евланова. — М., 1999. — 145 с.
- 6 Дашков Г.В. Обеспечение законности в деятельности частных правоохранительных служб за рубежом / Г.В. Дашков, В.Н. Китаев, И.А. Мелик-Дадаева, Л.П. Тюрина. — М.: Манускрипт, 1994. — 94 с.
- 7 Бенедик В.И. Негосударственные системы обеспечения безопасности: опыт зарубежных государств / В.И. Бенедик. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://specialsecurity.biz/publ/5-1-0-5>.
- 8 Досье на проект Закона Республики Казахстан «О частной детективной деятельности» // Заключение научной экономической экспертизы законопроекта. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: [http://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31382137&mode=p&page=2](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31382137&mode=p&page=2).
- 9 Каражанов М.Д. Зарубежный опыт негосударственной детективной деятельности в предупреждении и предотвращении преступности / М.Д. Каражанов // Вестн. КазНУ. Сер. Юридическая. — 2014. — № 4. — С. 15–20.
- 10 Пакирдинов М. В помощь следователю и адвокату / М. Пакирдинов. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://news.ivist.kz/111102929>.

11 Шейфер С.А. Использование непроцессуальных познавательных мероприятий в доказывании по уголовному делу / С.А. Шейфер // Государство и право. — 1997. — № 9. — С. 57–61.

12 Соловьев А. Использование результатов частной детективной деятельности при расследовании преступлений / А. Соловьев, В. Семенов // Уголовное право. — 2005. — № 5. — С. 82–87.

Р.Н. Шайхаденов, Л.В. Брусницын

### **Использование результатов частной детективной деятельности в качестве доказательств: зарубежный и казахстанский опыт**

На современном этапе развития Казахстана возникает необходимость передачи специализированным субъектам права реализовывать отдельные функции государственных органов, направленных на удовлетворение законных потребностей физических и юридических лиц. В этой связи задачи по реализации прав и законных интересов физических и юридических лиц становятся предметом деятельности не только правоохранительных органов, но и иных субъектов правоотношений. Отмечено, что актуальность введения института частной детективной деятельности, прежде всего, связана с тем, что в Республике Казахстан назрела необходимость правового регулирования отношений в указанной сфере. Это обусловлено тем, что даже в отсутствие правового поля многими физическими и юридическими лицами (к примеру, частными охранными организациями, бывшими сотрудниками правоохранительных органов), в силу осуществления их деятельности, приходится применять на практике отдельные приемы и методы оперативно-розыскной деятельности, не выходя за рамки действующего законодательства и ни в коем случае не вторгаясь в интересы частного бизнеса и государства, не затрагивая личную жизнь граждан. Подчеркнуто, что в соответствии со ст. 13 Конституции Республики Казахстан каждый вправе защищать свои права и свободы всеми не противоречащими закону способами. В этой связи введение института частной детективной деятельности в Республике Казахстан имеет под собой конституционную основу. При этом главной его задачей должно стать расширение возможности граждан по защите своих прав и законных интересов. Авторы, рассматривая зарубежный опыт использования сведений (информации), полученных в результате детективной деятельности, в качестве доказательств в уголовном судопроизводстве и проведя сравнительный анализ, попытались дать свою оценку относительно этого вопроса.

*Ключевые слова:* доказывание, частная детективная деятельность, доказательства, уголовное судопроизводство, уголовный процесс, частный детектив, детективные услуги, детективные мероприятия, заказчик, уполномоченный орган, предпринимательская деятельность.

R.N. Shaikhadenov, L.V. Brusnitsyn

### **Use of results of private detective activity as proofs: foreign and Kazakhstan's experience**

At the present stage of development of Kazakhstan there is a need of transfer to specialized persons of law to realize separate functions of the state bodies directed to satisfaction of legitimate needs of physical persons and legal entities. In this regard tasks on implementation of the rights and legitimate interests of physical persons and legal entities become object of activity not only law enforcement agencies, but also other subjects of legal relationship. Relevance of entering of institute of private detective activities, first of all, is connected with the fact that in the Republic of Kazakhstan need of legal regulation of the relations for the specified sphere ripened. It is caused by the fact that even in lack of the legal framework many physical persons and legal entities (for example, the private security organizations, former employees of law enforcement agencies), owing to implementation of their activities, it is necessary to put into practice separate acceptances and methods of operational search activities, without being beyond the current legislation, and without interfering in interests of private business and the state at all, without affecting private life of citizens. According to article 13 of the Constitution of the Republic of Kazakhstan everyone has the right to protect the rights and freedoms by all methods which aren't contradicting the law. In this regard, entering of institute of private detective activities in the Republic of Kazakhstan has under itself the constitutional basis. At the same time its main tasks shall become expansion of a possibility of citizens on protection of the rights and legitimate interests. In this article, the author, considering foreign experience of use data (information) received as a result of detective activities as proofs in criminal trial and having carried out the comparative analysis, tried to give the assessment of this question.

*Keywords:* proof, private detective activities, proofs, criminal trial, criminal process, private detective, detective services, detective actions, customer, authorized body, business activity.

## References

- 1 Zakliuchenie nauchnoi pravovoi ekspertizy proekta Zakona «O chastnoi detektivnoi deiatelnosti» [Conclusion of scientific legal project appraisal of the Law «About Private Detective Activities»]. *online.zakon.kz* Retrieved from [http://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31382137&mode=p&page=1](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31382137&mode=p&page=1) [in Russian].
- 2 Ancel, M. (1981). Metodologicheskie problemy sravnitel'nogo prava [Methodological problems of the comparative right]. *Ocherki sravnitel'nogo prava – Sketches of the comparative right*, 86. Moscow: Prohress [in Russian].
- 3 Izosimova, M. (1999). Rozyisk: istoricheskii obzor [Search: historical overview]. *Professional – Professional*, 1, 47–50 [in Russian].
- 4 Belarusians, V., Shishov, E. (2001). Chastnyi detektiv v uholovnom protsesse: nekotorye aspekty problemy [The private detective in criminal procedure: some aspects of a problem]. *Ugolovnoe pravo – Criminal law*, 2, 52–55 [in Russian].
- 5 Evlanova, O.A. (1999). Uchastie chastnykh detektivnykh i okhrannykh predpriatii v borbe s prestupnostiu: kriminologicheskii aspekt [Participation private detective and security the entity in fight against crime: criminological aspect]: *Candidate's thesis*. Moscow [in Russian].
- 6 Dashkov, G.V., Kitavev, V.N., Melik-Dadaeva, I.A. & Tiurina, L.P. (1994). *Obespechenie zakonnosti v deiatelnosti chastnykh pravookhranitelnykh sluzhb za rubezhom [Law enforcement in activities of private law-enforcement services abroad]*. Moscow: Manuscript [in Russian].
- 7 Benedick, V.I. Nehosudarstvennye sistema obespecheniia bezopasnosti: opyt zarubezhnykh gosudarstv [Non-state system of safety: experience of the foreign states]. *specialsecurity.biz* Retrieved from <http://specialsecurity.biz/publ/5-1-0-5> [in Russian].
- 8 Dose na proekt Zakona Respubliki Kazakhstan «O chastnoi detektivnoi deiatelnosti» [The file on the bill of the Republic of Kazakhstan «About private detective activities»]. *Zakliuchenie nauchnoi ekonomicheskoi ekspertizy zakonoproekta – the Conclusion of scientific economic examination of the bill*. Retrieved from [http://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31382137&mode=p&page=2](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31382137&mode=p&page=2) [in Russian].
- 9 Karazhanov, M.D. (2014). Zarubezhnyi opyt nehosudarstvennoi detektivnoi deiatelnosti v preduprezhdenii i predotvrashchenii prestupnosti [Foreign experience of non-state detective activities in preventions and prevention of crime]. *Vestnik KazNU. Ser. Iuridicheskaiia – Bulletin of KazNU*, 4, 17–20 [in Russian].
- 10 Pakirdinov, M. V pomoshch sledovatelii i advokatu [For the aid to the investigating officer and the lawyer]. *zakon.kz* Retrieved from [zakon.kz/http://news.invest.kz/111102929](http://news.invest.kz/111102929) [in Russian].
- 11 Shevfer, S.A. (1997). Ispolzovanie neprotcessualnykh poznavatelnykh meropriatii v dokazyvanii po uholovnomu delu [Use not procedural informative an action in proof for criminal case]. *Gosudarstvo i pravo – State and Law*, 9, 57–61 [in Russian].
- 12 Solovvov, A., Semenov, V. (2005). Ispolzovanie rezultatov chastnoi detektivnoi deiatelnosti pri rassledovanii prestuplenii [Use of results of private detective activities in case of investigation of crimes]. *Ugolovnoe pravo – Criminal law*, 5, 82–87 [in Russian].